



МАЗМҰНЫ

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	6
1.1. Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат	6
1.2. Университет бағдары, миссиясы, бағдарламалық мақсаты, құндылықтары, түлек атрибуттары	7
1.3. Білім беру бағдарламасының негіздемесі	7
1.4. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	8
1.5. Бағыт әлеуеті және түлектің қызмет атқаратын орындары	8
1.6. Кәсіби құзыреттіліктер салалары	8
1.7. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері	8
1.8. Нормативтік сілтемелер	9
2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ	10
2.1. Пәндер мен модульдер бойынша мәлімет	12
3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ	26
3.1. Кітапхана қоры	26
3.2. Кадрлық қамтамасыз ету	26
3.3. Материалдық-техникалық база	26
4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ ...	27
5. ОҚУ ЖОСПАРЫ	



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Жаңа идеялар мен технологиялар негізінде кәсіби педагогикалық, ғылыми және басқару қызметін жүзеге асыратын, география саласында терең білімді меңгерген білім магистрлерін даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	7M01506-География
Білім беру саласы	7M01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламасының тобы	M015-География педагогтарын даярлау
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № KZ75LAA00018542 лицензиясына қосымша негізінде 7M01506-География бағыты бойынша жаратылыстану пәндері мамандарын даярлау бойынша жүзеге асырылады.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	№7M01500041, «09» 02.2022 ж.
ҰБТ пәндері	География
ҰБШ бойынша деңгейі	Магистратура, деңгей 7
Берілетін дәреже	«7M01506-География» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	<i>Институционалды аккредиттеу:</i> АРТА «КЕМ» №12018901, тіркеу №AB2029, 24.05.2019 ж. – 23.05.2024 ж. (5 жыл)
Білім беру бағдарламасының рейтингі	
Жалпы академиялық кредит саны	120
Оқу мерзімі	2 жыл



1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Жаңа идеялар мен технологиялар негізінде кәсіби педагогикалық, ғылыми және басқару қызметін жүзеге асыратын, география саласында терең білімді меңгерген білім магистрлерін даярлау.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға.

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

БББ өзектілігі:

«7M01506-География» білім беру бағдарламасы география саласындағы заманауи инновациялық әдістер мен оқыту тәсілдерін меңгерген, креативті ойлауға бейім, кәсіби құндылықтар мен дағдыларға ие білімді, білікті, бәсекеге қабілетті педагогтарды (кадрларды) дайындауға бағытталған.

Нарықтың қажеттілігі.

Мамандық бойынша бұл білім беру бағдарламасы білім беру қызметтерінің қазіргі нарықтағы сұраныстарымен және оқыту нәтижелерімен тығыз байланысты құзыреттерді қамтиды. Білім беру мекемелері түлектерінің еңбек нарығында қажеттілігі - білім беру тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Аймақтық және республикалық деңгейлерде бітірушілермен әлеуетті тұтынушылар арасында тығыз байланыс орнатылған.

География – қоғамдық-гуманитарлық (экономикалық, әлеуметтік, саяси география, тұрғындар географиясы, еңбек ресурстары мен туризм, демография мәселелері және т.б.) және жаратылыстану (климаттың өзгеруі, жер үсті суларының гидрологиясы мен ресурстары, гляциология және геокриология, геоморфология, ландшафттану, геоэкология мәселелері) ғылымдарын біріктіретін және экологиялық негізделген табиғатты пайдалану мен салалық, ұлттық және аймақтық деңгейлердегі тұрақты дамудың негізі ретінде құрайтын жалғыз ғылыми пән. Осыған байланысты қоғам мен қоршаған орта арасындағы өзара іс-қимылды зерттеу – қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл мәселе география саласында ғылыми зерттеулерде дәстүрлі және қазіргі заманғы географиялық әдістерді қолдануға қабілетті, инновациялық әдістерді меңгерген кадрларды дайындаумен тығыз байланысты.



1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«7M01506-География» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді даярлау бағдарламасы Дублиндік дескрипторлар негізінде қалыптасқан оқу нәтижелерімен анықталады және жалпы, әдістемелік және пәндік дайындық құзыреті арқылы көрсетіледі. Білім беру бағдарламасы осы бағыт бойынша даярлаудың қазіргі заманғы отандық және әлемдік тәжірибесін, мамандану саласындағы авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктер мен оқу-әдістемелік құралдарды, жұмыс берушілердің талаптары мен еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып әзірленген.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі.

Сэгед Университеті (Венгрия) – 50%, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті – 70%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізетін әртүрлі бейіндегі компаниялар, табиғатты қорғау, экологиялық және басқа да ұйымдар, Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары мен жобалау мекемелері география саласындағы мамандарға деген қажеттілікке ие. Білім беру бағдарламасы түлектері оқытушылық және төмендегі секілді құрылымдарда әкімшілік және экономикалық қызметтерде жұмыс істей алады:

- ҚР СІМ;
- География Институты;
- ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты;
- энергия ресурстары саласындағы сарапшылар;
- әкімшілік және атқарушы органдардың халықаралық бөлімдері.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

Кәсіби құзыреттілік салалары 1:

- география саласында педагогикалық, ғылыми, басқарушылық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімді меңгеру.

Кәсіби құзыреттілік салалары 2:

- жалпы білім беретін және мамандандырылған орта мектептерде, лицейлерде, колледждерде, гимназияларда, жоғары оқу орындарында, зерттеу орталықтарында, ғылым саласында, білім департаменттерінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мекемелерінде сабақ жүргізе білу.

Кәсіби құзыреттілік салалары 3:

- оқу процесін жоспарлау; мазмұнды іс-әрекетке арналған материалдарды, әдістерді, тәсілдерді, құралдарды таңдай білу және даму ортасын ұйымдастыру.

Кәсіби құзыреттілік салалары 4:

- ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде бейіндік пәндер бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 – Қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелерінде бағдарлау және сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) іскерлік хат алмасумен жұмыс істеу дағдысын (хат, электрондық пошта және т.б.) анықтайды.

ОН 2 – Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оқыту әдістерін басқару және меңгеру үрдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын меңгереді.



ОН 3 – Оқытудың жаңа талаптары, қағидалары мен концепцияларын ескере отырып, мектептегі географиялық білім мазмұнын жобалауға қабілетті болады.

ОН 4 – Зерттеу мәселелерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді пайдаланады.

ОН 5 – Географиялық зерттеу мен білім беруде геоақпараттық жүйелердің аэроғарыштық әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларын меңгереді.

ОН 6 – Жер мен қоғамның дамуы туралы географиялық заңдылықтарды, теориялар мен концепцияларды талдау жолымен географиялық ғылымның қазіргі даму бағыттарын анықтайды.

ОН 7 – Библиография-статистикалық деректерді пайдалана отырып, геожүйедегі өзгерістерге мониторинг жүргізеді және олардың картографиялық үлгілерін жасайды.

ОН 8 – Табиғи ресурстардың өңірлік қорын және әлеуметтік-экономикалық факторларды дамытуды ескере отырып, туристік-рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалануды жобалайды.

ОН 9 – Табиғи ресурстарды пайдалану көрсеткіштерінің қарқынын және оларды игерудің экономикалық саясатын салыстыра отырып, әлем елдерінде алда болатын геоэкологиялық жағдайды болжайды.

ОН 10 – Зерттеу және сандық дағдыларды меңгереді.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1	+	+	+				+	+		
ТА 2		+		+						+
ТА 3			+		+	+	+	+		
ТА 4	+		+		+		+			
ТА 5				+		+				
ТА 6		+		+						+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.



2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль атауы	Модульдің еңбек сыйымдылығы	№	Пән атауы	Пәннің академ. кредиттері	Пәндер циклі
1	ISE-1 Ғылым мен білімнің интеграциясы	16	1	ISE 501 Ғылым тарихы мен философиясы	4	БП ЖК
			2	ISE 502 Шетел тілі (кәсіби)	4	БП ЖК
			3	ISE 503 Жоғары мектептің педагогикасы	4	БП ЖК
			4	ISE 504 Басқару психологиясы	4	БП ЖК
2	TMGSE-2 География ғылымы мен білім берудің теориясы және әдіснамасы	20	1	TMGSE 501/1 Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері	5	БП ТК
				TMGSE 501/2 Геоурбанистика		БП ТК
			2	TMGSE 502/1 Географиялық үлгілеу	5	БП ТК
				TMGSE 502/2 Саяси география геосаясат негіздерімен		БП ТК
			3	TMGSE 503/1 Географиялық білім беруді дамытудың жаңа тұжырымдамалары	5	БП ТК
				TMGSE 503/2 Ландшафттық экология және мониторинг		БП ТК
			4	TMGSE 504 Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру	5	Бейіндеуші пән ЖК
3	MMTG-3 Географияда -ғы заманауи әдістер мен технологиялар	15	1	MMTG 501/1 Географиялық білім берудегі инновациялық әдістер	5	Бейіндеуші пән ТК
				MMTG 501/2 Қоршаған орта статистикасы		Бейіндеуші пән ТК
			2	MMTG 502/1 Географиялық зерттеулердегі геоақпараттық технологиялар	5	Бейіндеуші пән ТК
				MMTG 502/2 Ғаламдану жағдайында табиғатты пайдалануды басқару		Бейіндеуші пән ТК
			3	MMTG 503/1 Аймақтың стратегиялық дамуының геоэкономикалық аспектілері	5	Бейіндеуші пән ТК
				MMTG 503/2 Геоэкологиялық маркетинг		Бейіндеуші пән ТК
4	GAMD-4 Басқару мен жобалаудың география-	11	1	GAMD 601/1 Ғылыми зерттеулерді картографиялық тұрғыдан қамтамасыз ету	5	Бейіндеуші пән ТК
				GAMD 601/2 Аймақтық даму, жоспарлау және басқару		Бейіндеуші пән ТК



	лық аспекті-лері		2	GAMD 602/1 Қазіргі дүние жаһандануы және саяси география GAMD 602/2 Табиғатты пайдаланудағы басқару мен болжаудың географиялық мәселелері	6	Бейіндеуші пән ТК Бейіндеуші пән ТК
5	MGGPM-5 Адамзаттың заманауи геозкологиялық және геэкономикалық проблемалары	12	1	MGGPM 601/1 Геозкология және қоршаған орта географиясы MGGPM 601/2 Қазақстанның мұнай өндіруші аймақтарында табиғатты қорғау мәселелері	6	Бейіндеуші пән ТК Бейіндеуші пән ТК
			2	MGGPM 602/1 Дүниежүзілік экономика және халықаралық қатынастар MGGPM 602/2 ҚР су шаруашылығының географиясы	6	Бейіндеуші пән ТК Бейіндеуші пән ТК
6	RW-6 Ғылыми-зерттеу жұмысы	38	1	RW 6.01 Педагогикалық практика	4	БП ЖК
			2	RW 5(6).02 Зерттеу практикасы	10	Бейіндеуші пән ЖК
			3	RW 5(6).03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	17	МҒЗЖ
			4	RW 5(6).04 Ғылыми зертеу әдістері	5	МҒЗЖ
			5	RW 5.05 Академиялық жазылым	2	МҒЗЖ
7	ҒЕ Қорытынды аттестаттау	8		ҒЕ 6.01 Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРҚ)	8	ҚА
	Барлығы:	120			120	



2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

ISE-1 Ғылым мен білімнің интеграциясы							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль пәндері психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктерді білуге, жасөспірім балалардың физиологиясы мен психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық әртүрлі қарым-қатынас жағдаяттарында ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау дағдылары, жағдайды қадағалау және бейімделу дағдыларын игеруге бағытталған. Оқу және кәсіптік мақсатта мамандықтың жалпы ғылыми стилін білдіретін сөздік және география саласындағы негізгі терминология тілдерді, аннотациялау және жинақтау әдістерін, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық сипаттағы әдебиеттерді талдайды. Арнайы мәтіндерді сөйлесу және түсіну үшін шет тілін білімін пайдаланады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ISE 501 Ғылым тарихы мен философиясы	БП ЖК	4	Ғылымның тарихы және философиясы пәні. Ғылымның көзқарастық негіздері. Философия білімнің интегралды формасы ретінде. Ғылымның қызметтері. Ғылымның пайда болуы және қалыптасуы. Антикалық ғылым және философия. Ортағасырдағы ғылыми таным. Жаңа заман ғылымының қалыптасуы. Жаңаевропалық ғылым – ғылым тарихының классикалық кезеңі. Қазіргі ғылым. Ғылым дамуының бейклассикалық, постбейклассикалық кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары. Ғылым дамуының постпозитивистік, постклассикалық емес кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары. Ғылыми білімнің құрылымы және деңгейлері. Ғылымның мамандық ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары. Ғылымның философиялық негіздемелері және дүниенің ғылыми бейнесі. Ғылыми дәстүрлер және ғылыми революциялар. Жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарихы мен	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация	ОН1	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

				философиясы. Ғылым әлеуметтік институт ретінде. Қазіргі ғылымның аксиологиялық аспектілері. Қазіргі заманғы жаһандық өркениет мәселелерді шешудегі ғылымның атқаратын рөлі.			
2	ISE 502 Шетел тілі (кәсіби)	БП ЖК	4	Меңгерілген тілдік білім мен сөйлеу біліктерін жүйелеу. Шет тілінде ауызша қарым-қатынас формаларының дағдыларын жетілдіру, баяндамалар мен хабарламалармен таныстыру, кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыру. Жазбаша дағдыларды жетілдіру. Қазіргі заманғы техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кәсіби саладағы коммуникативтік міндеттерді шешуді жетілдіру.	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация	ОН1	Жазбаша
3	ISE 503 Жоғары мектеп педагогикасы	БП ЖК	4	Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогикалық қызметтің мазмұны мен құрылымы. Жоғары мектеп педагогының кәсіби құзыреттілігі және коммуникативтік білімі. Жоғары мектептегі оқыту теориясы. Жоғары мектептегі оқытудың дидактикалық негіздері. ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастыру. Кәсіптік білім берудегі инновациялық үрдістер. ЖОО жүйесіндегі білім беру үрдісін басқару менеджменті. ЖОО-дағы тәрбие жұмысы. ЖОО-дағы заманауи педагогикалық технологиялар.	Кейс-технология. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Ақпараттық технологиялар әдісі	ОН2	Жазбаша
4	ISE 504 Басқару психологиясы	БП ЖК	4	Басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық мәселелері. Басқарушылық іс әрекетті талдау. Менеджердің тұлғалық ерекшеліктері. Басқару міндеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Меншік психологиясы. Басқарушының кәсіби іс-әрекеті. Басқару	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация	ОН2	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

				субъектісінің қызметтері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамалары. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиясы. Ұйымның кадрлық саясатын психологиялық қолдау. Ұйымдағы дау-дамалар психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары.			
--	--	--	--	---	--	--	--

TMGSE-2 География ғылымы мен білім берудің теориясы және әдіснамасы

Модульді меңгеру барысында магистранттар географиялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын дамыта алады, сондай-ақ терминология мәселелерін, модельдеу, болжау, ғылымның функцияларын, географиялық әрекетті талдау қабілеттерін де дамытады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	TMGSE 501/1 Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері	БП ТК	5	Ғылыми теориялық методологиялық ілім және географиялық ғылымы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолданылатын әдістер. Негізгі конструктивті мәселелерді шешудегі теориялық концепциялардың маңызы. Географиялық теориялар мен заңдылықтар, концепциялар мен гипотезалар, геожүйелердің кеңістіктік-уақыттық қатынастары.	Болжау әдістері: математикалық әдістер және компьютерлендірудің рөлі. Ж.А. Қараев, Ә. Жүнісовтың дифференциалды оқыту әдісі	ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8, ОН9	Жазбаша
	TMGSE 501/2 Геоурбанистика			Тұрғындар санының өзгеруі және тұрғындардың планетада орналасу ерекшеліктері. Тұрғындардың тығыздығы және халықтың өсу қарқыны. Қалалар географиясы және геоурбанистика. Қалалардың жүйелік сипаттамалары мен құрылымы. Қазақстандағы урбанизация ерекшеліктері. Қалалық жүйенің геологиялық және су ортасына әсері. Қалалық жүйенің атмосфераға және климатқа әсері. Қалалық жүйенің биотаға әсері.	Түсіндірмелі-иллюстрациялық, индуктивтік әдіс. М.Жанпейісова-ның модульдік технология әдісі	ОН6, ОН7, ОН8	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

				Қалалық экологиялық жүйелердің экологиялық-геохимиялық жағдайын бағалау әдістері.			
2	TMGSE 502/1 Географиялық үлгілеу	БП ТК	5	Географиялық үлгілеуді физикалық және әлеуметтік-экономикалық географияда қолдану ерекшеліктері. Үлгілеу процесінің құрылымы, үлгілердің негізгі функциялары: психологиялық, ұжымдық, логикалық, жүйелеу, сындарлы және танымдық. Географияда қолданылатын үлгілердің жіктелуі, типология үшін қолданылатын көп өлшемді математикалық үлгілер. Геожүйелер мен географиялық процестерді үлгілеудің перспективалық әдістері – имитациялық үлгілеу. Географиядағы үлгілеудің негізгі ережелері. Аумақтық жүйелердің күрделілігі мен ерекшелігіне, географиялық процестердің динамикасына, олардың параметрлері мен құрылымдық қатынастарының өзгергіштігіне байланысты туындайтын географиялық үлгілеудің әдіснамалық мәселелері. Ең қолайлы үлгілерді таңдау. Географиялық процестер мен құбылыстарды үлгілеудің негізгі кезеңдері.	Болжау әдістері: математикалық әдістер және компьютерлендірудің рөлі	ОН 4, ОН 6, ОН 9	Жазбаша
	TMGSE 502/2 Саяси география геосаясат негіздерімен			Саяси география: бастауы, мәселесі, теориясы, «әлемдік жүйелер» теориясы. Әлемдік саяси географияның даму мәселелері және қоғамның аумақтық-саяси ұйымының тұжырымдамасы (АСҰ). АСҰ түрлері. Саяси-географиялық орын, аудан, аймақ, ел. Әлемнің геосаяси аймақтары. Геостратегиялық аудандар. Шекараларды географиялық зерттеуде қолданылатын тарихи-картографиялық, сыныптау, функционалдық, саяси-географиялық сынды теориялық тәсілдерді зерттеу.	Түсіндірмелі-иллюстрациялық, дедуктивті зерттеу әдістері, Д.Б.Эльконин және В.В. Давыдовтың дамыта оқыту әдісі	ОН 6, ОН 9	Жазбаша
3	TMGSE 503/1 Географиялық білім	БП ТК	5	Географиялық білім беруді жаңғырту. Білім беру сапасын қамтамасыз ету. Географиялық білім	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік	ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 10	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

	беруді дамытудың жаңа тұжырымдамалары			берудің жаңа тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуы. Экологияландыру, интеграция, жаһандандыру, аймақтандыру, ізгілендіру және мазмұнды гуманизациялау ұстанымдары. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту. Жүйелік-іс-әрекет тәсілі. Құзыреттілік тәсіл. Метапәндік тәсілді жүзеге асыру. Оқытудан күтілетін нәтижелерге бағдарланған білім. Күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптарды анықтау. Географиялық білімнің базалық және тереңдетілген деңгейі.	талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация. . Д.Б.Эльконин және В.В. Давыдовтың дамыта оқыту әдісі		
	TMGSE 503/2 Ландшафттық экология және мониторинг			Ландшафттық экологияның негізгі ұғымдары. Жер шарының әр түрлі ландшафттарында пайдаланылатын ландшафтқа антропогендік әсер ету нысандары және мониторинг түрлері. Фондық және палеомониторингті (Тарихи) қоса алғанда, жаһандық мониторинг (базалық, өңірлік, импакттік деңгейлер). Ингредиенттік мониторинг. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым және геожүйелердің ластануының халықаралық мониторингі.	Болжау әдістері: математикалық әдістер және компьютерлендірудің рөлі Д.Б.Эльконин және В.В. Давыдовтың дамыта оқыту әдісі	ОН7, ОН8, ОН9	Жазбаша
4	TMGSE 504 Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру	Бейіндеуші пән ЖК	5	Ғылыми зерттеулердің түсіну аппаратын қалыптастыру. Ғылыми зерттеудің құрылымдық элементтерін талдау. Магистрлік диссертация мен курстық жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру. Ғылыми ақпаратты өңдеу әдістері және зерттеу нәтижелерін мақалаларды дайындауда пайдалану. Ғылыми жарияланымдардың халықаралық жүйесі. Ғылыми жарияланымдардың түрлері: монографиялар, мақалалар және баяндамалар тезистері. Ғылыми-зерттеу жұмысы аясындағы техникалық мәселелер. Библиография. Ғылыми және әдеби басылымдармен жұмыс істеу.	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация.	ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН7, ОН 10	Жазбаша



ММТГ-3 Географиядағы заманауи әдістер мен технологиялар							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модульді игеру кезінде магистранттар білім беру процесін ұйымдастырудың оңтайлы тәсілдері мен әдістерін анықтауға және практикада қолдануға үйренеді. Модуль магистранттардың қолданбалы және шығармашылық міндеттерді шешу бойынша дербес қызметті ұйымдастыру, тақырыптық карталарды әзірлеу және құрастыру, дерекқорларды құрастыру және талдау, өңірлік және жергілікті ГАЖ әзірлеу бойынша дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ММТГ 501/1 Географиялық білім берудегі инновациялық әдістер	Бейіндеуші пән ЖК	5	Географияда инновациялық технологияларды пайдаланудың ғылыми негіздері мен тиімділігі. М. Жанпейсовтың модульдік оқыту технологиясы. Д. Б. Эльконин және В. В. Давыдовтың «Дамыта оқытуы». Ж. А. Караев және Ә. Жүнісов саралап оқыту технологиясы. Джон Дьюи мен Махмудовтың проблемалық әдісі. Қашықтықтан оқыту әдісі. Кейс-технологиялар. Ақпараттық технологиялар. Оқытудың интерактивті әдістері.	Джон Дьюи мен Махмудовтың проблемалық әдісі. Қашықтықтан оқыту әдісі	ОН 2 ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 10	Жазбаша
	ММТГ 501/2 Қоршаған орта статистикасы			Арнайы әдістер: картографиялық, баланстық, балама-кеңістіктік және далалық	ОН 7, ОН 8, ОН 9	Жазбаша	
2	ММТГ 502/1 Географиялық зерттеулердегі геоақпараттық технологиялар	Бейіндеуші пән ЖК	5	Географиядағы «геоақпараттық жүйе» ұғымы және оның ғылым мен өндіріс салаларымен байланысы. Геоақпараттық жүйенің (ГАЖ) құрылымы мен негізгі функциялары. ГАЖ-ні географиялық зерттеулерде қолдану. ГАЖ және ғарыштық әдіс. Ғарыштық түсірілім аппараттары және түсірілім түрлері. Жерді қашықтықтан зондау деректерін визуалды және автоматты түрде дешифрлеу. Деректерді талдау және картографиялық модельдеу.	Болжау әдістері: математикалық әдістер және компьютерлендірудің рөлі. Қашықтықтан оқыту әдісі	ОН 4, ОН 5, ОН 7, ОН 9 ОН 10	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

	MMTG 502/2 Ғаламдану жағдайында табиғатты пайдалануды басқару			Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің тиімділігі. Жаһандық қоғамдық игіліктердің экологиялық құлдырауының себептерін талдау. Табиғи ресурстарды тұтыну жүйесі. Әлемнің және жекелеген елдердің геоэкологиялық жағдайы. Табиғи ресурстарды пайдаланудағы әлем халқының проблемасы. Ымыралы шешім табу, ғылым мен экономиканың біртұтастығы.	Кейс-технология. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Ақпараттық технология әдісі	ОН 7, ОН 8, ОН 9	Жазбаша
3	MMTG 503/1 Аймақтың стратегиялық дамуының геоэкономикалық аспектілері	Бейіндеуші пән ЖК	5	Қазақстан аймақтарының экономикасы. Экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы. Инвестициялық тартымдылық – аймақтық экономиканың даму механизмі. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру. Мамандандану және әртараптандыру – аймақтық экономиканың даму әлеуеті. Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктері. Қазақстанның кластерлік бастамалары. Импортты алмастыру арқылы отандық өндірушілерді қолдау. Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты.	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, модельдеу, формализация, идеализация. Сыни ойлау әдісі	ОН 5, ОН 6, ОН 8	Жазбаша
	MMTG 503/2 Геоэкологиялық маркетинг			Экологиялық маркетинг түсінігі және оның даму тарихы. Адамзат қызметінің қоршаған ортаға әсерін талдау. Геоэкологиялық маркетинг-өндірістік объектілерді дамыту саясатының негізгі элементі. «Жасыл тауарларды» сатып алу тұжырымдамасының дамуын ретроперспективті талдау. Мемлекеттік «жасыл тауарларды» сатып алудың шетелдік тәжірибесі. Экологиялық тауарлар мен қызметтер саудасы саласындағы халықаралық келісімдер мен үрдістер.	Болжау әдістері: математикалық әдістер. М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі	ОН 7, ОН 8, ОН 10	Жазбаша



GZAT-4 Басқару мен жобалаудың географиялық аспектілері							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модульді игеру барысында магистранттар графикалық редакторлардың көмегімен тақырыптық картографиялық өнімдерді жасаудың заманауи әдістерін, әртүрлі (жер үсті, ғарыш) деректер негізінде геоақпараттық технологияларды зерттей алады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша стратегиялық жоспарлау мақсатында әртүрлі иерархиялық деңгейдегі аумақтардың шекараларында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерге басшылық жасау жөніндегі іс-қимылдар жиынтығы болып табылатын өңірлерді аумақтық басқару мәселелерімен танысады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GAMD 601/1 Ғылыми зерттеулерді картографиялық тұрғыдан қамтамасыз ету	Бейіндеуші пән ЖК	5	Жаратылыстану ғылымдарының дамуындағы картографияның рөлі. Географиялық карталардың жіктелуі және оларды қолдану аясы. Карталардың шартты белгілері. Географиялық құбылыстарды картографиялық үлгілеу. Физикалық-географиялық және экономикалық-әлеуметтік зерттеулерді картографиялық деректермен қамтамасыз ету. Тақырыптық карталарды геоэкологиялық картографиялау және экологияландыру мәселелері. Қызмет көрсету саласын картографиялау мәселелері.	Арнайы әдістер: картографиялық, баланстық, балама-кеңістіктік және далалық. Джон Дьюи мен Махмудовтың проблемалық әдісі	ОН 4, ОН 5, ОН 7	Жазбаша
	GAMD 601/2 Аймақтық даму, жоспарлау және басқару			Аймақтық экономика – шаруашылық басқарудың нысаны және пәні ретінде. Аймақты басқарудың мәні және жаңа тәсілдердің қажеттілігі. ҚР аймақтары экономикасының тарихи-географиялық сипаттамасы. Аймақтық басқарудың қазіргі мәселелері. Аймақтар экономикасының дамуын жоспарлау мен болжау және экономикалық-географиялық аймақтарды басқару.	М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі. Кейс-технологияны қашықтықтан оқыту әдісі.	ОН 4, ОН 7, ОН 8	Жазбаша
2	GAMD 602/1 Қазіргі дүние жаһандануы және саяси география	Бейіндеуші пән ЖК	6	Дүние жүзінің және жекелеген елдердің қазіргі саяси және әкімшілік құрылымының ерекшеліктері. Саяси географияның теориялық негіздері, оның дамуының негізгі кезеңдері. Әртүрлі деңгейдегі аумақтық-саяси жүйелер мен мемлекеттік аумақты және оның морфологиялық ерекшеліктерін зерттеудің өзекті бағыттары.	Болжау әдістері: математикалық әдістер және компьютерлендірудің рөлі	ОН 6, ОН 7, ОН 9	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

				Мемлекеттік аумақты және оның морфологиялық ерекшеліктерін, шекаралар мен әкімшілік-аумақтық бөліністердің типтері мен функцияларын талдаудың әдістемесі мен әдіснамасы. Әлемдік дамудың негізгі геосаяси тұжырымдамалары, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі әлемнің геосаяси құрылымын өзгерту бағыттары, жекелеген елдердің геосаяси жағдайының өзгеруі. Әлемнің макроөңірлерінің саяси-географиялық құрылымы, өңірлік қақтығыстардың шығу тегі мен ерекшеліктері, оларды реттеу жолдары және халықаралық ынтымақтастық нысандары.			
	GAMD 602/2 Табиғатты пайдаланудағы басқару мен болжаудың географиялық мәселелері			Табиғатты пайдаланудағы басқару мен болжаудың негізгі мақсаты мен міндеттері. Өндірістің және басқа әрекеттердің табиғи ортаға зиянды әсерлерін шектеу, табиғат байлығын тиімді пайдалануды, қорғауды және өсіруді қамтамасыз ету мәселелерін ғылыми негіздеу. Табиғатты пайдалану ережелерін, талаптарын, нормаларын орындауды ұйымдастыру және бақылаудың механизмдері. Құқықтық ережелерді дайындау, экономикалық ынталандыру, экологиялық, экономикалық шараларды белгілеу, оларды қаржыландыру және орындалуын қадағалау тетіктерін ғылыми негізде жоспарлау. Табиғатты пайдаланудағы басқарудың негізгі әдістері: болжамдар, бағдарламалар, жоспарлау және жобалау. Адам өмірі мен денсаулығына табиғи ортаның қолайлы болуына жағдай жасау.	Кейс-технология. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Ақпараттық технология әдісі	ОН 5, ОН 7, ОН 9	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

AZGGP-5 Адамзаттың заманауи геоэкологиялық және геоэкономикалық проблемалары							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модульді игеру барысында магистранттар библиографиялық-статистикалық деректерді пайдалана отырып, геожүйелерге мониторинг жүргізу және картографиялық модельдерді жасау дағдыларын дамыта алады. Табиғи ресурстарды пайдалану көрсеткіштерінің қарқынын және оларды игерудің экономикалық саясатын салыстыра отырып, әлем елдеріндегі алдағы геоэкологиялық және геоэкономикалық жағдайларды болжау дағдылары қалыптасады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	MGGPM 601/1 Геоэкология және қоршаған орта географиясы	Бейіндеуші пән ЖК	6	Экологиялық заңдылықтар, олардың тарихи шығу тегі. Қазіргі жағдайда жаһандық экожүйелерді қалыптастырудың аймақтық аспектілері. Әлемдік экологиялық проблемалардың пайда болуының негізгі себептері. Жердің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері. Табиғатты пайдалану саласындағы басқарудың әкімшілік әдістері. Қазақстан өңірлерінің экологиялық ахуалының дамуын болжау.	Репродуктивті демонстративті әдіс. Джон Дьюи мен Махмудовтың проблемалық әдісі	ОН 9	Жазбаша
	MGGPM 601/2 Қазақстанның мұнай өндіруші аймақтарында табиғатты қорғау мәселелері			Қазақстанның мұнайлы аймақтарындағы экологиялық зерттеулер. Қазақстандағы мұнай өндіруші аумақтарды игерудің ресурстық әлеуеті мен жай-күйі. Мұнай өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін экологиялық-географиялық бағалау. Мұнай өндіретін аймақтарды геоэкологиялық аудандастыру мәселелері. Биологиялық әртүрлілікті сақтау және су және жер ресурстарын қорғау мәселелері.	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез, Ақпараттық технологиялар әдісі	ОН 7, ОН 9, ОН 10	Жазбаша
2	MGGPM 602/1 Дүниежүзілік экономика және халықаралық қатынастар	Бейіндеуші пән ЖК	6	Әлемдік экономика географиясы: негізгі ұғымдар, субъектілер, қатынастар. Халықаралық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық интеграция. Халықаралық сауда құрылымы. Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формалары. Дамыған және дамушы елдер экономикасының ерекшеліктері. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі. Әлемдік экономиканың жаһандық мәселелері және оларды бірлесіп шешу бағыттары.	Жалпы ғылыми әдістер: жүйелік талдау және синтез. М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі	ОН 6, ОН 9	Жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

	MGGPM 602/2 ҚР су шаруашылығының географиясы			Мемлекеттік су кадастры маңызы мен міндеттері. Су ресурстарын пайдалану (СРП) су пайдалану каталогтары. Су ресурстарын пайдаланудың жыл сайынғы мәліметтері мен көпжылдық сипаттамалары. Қазақстанның су ресурстары. ҚР негізгі өзендерінің су ресурстары және олардың режимдік сипаттамалары. Қазақстанның негізгі су шаруашылығы аудандары (США). Қазақстанның трансшекаралық бассейндерінде Халықаралық су бөлудің теориялық және қолданбалы мәселелері. Суаруды жобалау. Су ресурстарының экологиялық мәселелері.	Қашықтықтан оқыту әдісі. Сын тұрғысынан ойлау әдісі.	ОН 7, ОН 8, ОН 9	Жазбаша
--	---	--	--	---	--	------------------	---------

RW-6 Ғылыми-зерттеу жұмыстары

Модуль сипаттамасы: Зерттеу жұмысы Географияның білім беру бағытындағы магистратураның маңызды құрамдас бөлігі саналып, магистранттардың академиялық және кәсіби өсуіне ықпал ететін әртүрлі кезеңдер мен әрекеттерді қамтиды. Педагогикалық практика, зерттеу практикасы, тағылымдамалар және магистрлік диссертацияны аяқтау арқылы магистранттар өз білімдерін оқыту, зерттеу және практикада қолдануда құнды тәжірибе жинақтайды. Зерттеу әдістерін қолдану және академиялық басылымдарды іздеу, олардың зерттеу дағдыларын одан әрі нығайтады, әрі академиялық қоғамдастықта олардың қатысуын күшейтеді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	RW 6.01 Педагогикалық практика	БП ЖК	4	Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмыстардың негіздерін зерделеу, кафедра пәндері бойынша жекелеген сабақтарды өткізудің дағдыларын меңгеру. Жоғары оқу орындарында сабақ берудің тәжірибесін жинақтау.	Оқу-тәрбие процесі	-	Есеп беру
2	RW5.02 Зерттеу практикасы	Бейіндеуші пән ЖК	3	Зерттеу практикасы магистранттардың теориялық, зерттеушілік, әдістемелік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталып, алған теориялық және әдістемелік білімдерін тәжірибеде өз бетінше сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу практикасы – бұл білім алушылардың ғылыми-зерттеу дайындығына тікелей бағытталған оқу түрі.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

3	RW 6.02 Зерттеу практикасы	Бейіндеуші пән ЖК	7		Зерттеу практикасы магистранттардың теориялық, зерттеушілік, әдістемелік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталып, алған теориялық және әдістемелік білімдерін тәжірибеде өз бетінше сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу практикасы – бұл білім алушылардың ғылыми-зерттеу дайындығына тікелей бағытталған оқу түрі.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
4	RW 5.03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	1	2	Магистранттардың өзіндік теориялық, практикалық тұжырымдар жасау қабілетін дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы орындалады. Өз пікірін қалыптастыру үшін ғылыми ақпаратты объективті бағалау дағдысын, еркін ғылыми ізденуде пәнаралық білімдерді интеграциялау қабілетін қалыптастырылады. Білім беру қызметінде ғылыми білімін қолдану жолдарын қарастырады, оны ғылыми ортада талқылайды.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
	RW 5.04 Ғылыми зертеу әдістері		1		Курс шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі түсініктері, зерттеу жүргізудің ғылыми әдістері, түрлі ғылыми зерттеу жүргізуде қолданылатын әдістер тобын таңдаудың негізделуі, пәндік зерттеу саласына қатысты жалпы ғылыми, формальді-логикалық, пәнаралық зерттеу әдістері, ғылыми-зерттеу практикасының негізгі мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында пәндік зерттеу саласына қатысты ғылыми-зерттеу әдістерін және ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелерінің нақтылығы мен оның тиімділігін бағалау әдістерін қолдану дағдылары қалыптасады.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
5	RW 5.03 Тағылымдамадан өту	МҒЗЖ	2		Магистранттардың өзіндік теориялық, практикалық тұжырымдар жасау қабілетін	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

	мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)			4	дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы орындалады. Өз пікірін қалыптастыру үшін ғылыми ақпаратты объективті бағалау дағдысын, еркін ғылыми ізденуде пәнаралық білімдерді интеграциялау қабілетін қалыптастырылады. Білім беру қызметінде ғылыми білімін қолдану жолдарын қарастырады, оны ғылыми ортада талқылайды.			
	RW 5.05 Академиялық жазылым		2		Пәнді игеру барысында магистранттарда ғылыми мәтіндерді ұйымдастыру бойынша құзыреттер қалыптасады. Ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің барлық түрлерін құру, редакциялау, рефераттау және жүйелеу дағдылары дамиды. Коммуникативтік және кәсіби қызметте халықаралық конференцияларда сөз сөйлеу, ағылшын тілінде мақалалар жазу және оны жариялау, шетелдік әріптестермен, жетектішермен, магистранттармен және т.б. іскерлік келіссөздер жүргізу үшін үйренген тілдік құралдарын қолдану мүмкіндіктері кеңейеді.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
6	RW 6.03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	3	7	Магистранттардың өзіндік теориялық, практикалық тұжырымдар жасау қабілетін дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы орындалады. Өз пікірін қалыптастыру үшін ғылыми ақпаратты объективті бағалау дағдысын, еркін ғылыми ізденуде пәнаралық білімдерді интеграциялау қабілетін қалыптастырылады. Білім беру қызметінде ғылыми білімін қолдану жолдарын қарастырады, оны ғылыми ортада талқылайды.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
	RW 6.04 Ғылыми зертеу әдістері		4		Курс шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі түсініктері, зерттеу жүргізудің ғылыми әдістері, түрлі ғылыми зерттеу жүргізуде	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Жаратылыстану институты

				қолданылатын әдістер тобын таңдаудың негізделуі, пәндік зерттеу саласына қатысты жалпы ғылыми, формальді-логикалық, пәнаралық зерттеу әдістері, ғылыми-зерттеу практикасының негізгі мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында пәндік зерттеу саласына қатысты ғылыми-зерттеу әдістерін және ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелерінің нақтылығы мен оның тиімділігін бағалау әдістерін қолдану дағдылары қалыптасады.			
7	RW 6.03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	МҒЗЖ	11	Магистранттардың өзіндік теориялық, практикалық тұжырымдар жасау қабілетін дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы орындалады. Өз пікірін қалыптастыру үшін ғылыми ақпаратты объективті бағалау дағдысын, еркін ғылыми ізденуде пәнаралық білімдерді интеграциялау қабілетін қалыптастырылады. Білім беру қызметінде ғылыми білімін қолдану жолдарын қарастырады, оны ғылыми ортада талқылайды.	Тәжірибелік жұмыс	-	Есеп беру
8	Қорытынды аттестациялау	ҚА	8	Магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау	Диссертацияны аяқтау, рәсімдеу	-	Қорғау



3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1 КІТАПХАНА ҚОРЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі магистранттардың оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

«7M01506-География» БББ бойынша кітапхана қоры 2021 жылғы 1 мамырға 58868 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 2785 дана, орыс тілінде 2107.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасы магистранттарының ғылыми журналдарға білім беру бағдарламасының бейіні бойынша кіруі қамтамасыз етілген.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, магистранттар компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

3.2 КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын География және туризм кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-ның (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны– 11 адам, оның ішінде:

Ғылым докторы –

Ғылым кандидаты – 4

Философия докторы (PhD) – 1

Магистр – 6

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 50%

Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамының сипаттамасы Кадрлық анықтамалықта берілген.

3.3 МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Ғылыми және өндірістік мақсаттарға арналған зерттеулер, сабақтар, тәжірибелер, талдаулар, эксперименттер арнайы зертханаларда жүргізіледі. Кафедрада оқу зертханалары, арнайы пән дәрісханалары қазіргі заман талабына сай оқыту құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Кафедраның барлық зертханалық аудиториялары оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптарына сәйкес зертханалық-тәжірибелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Жалпы кафедралар бойынша жабдыкталуға тоқталсақ:



№ 311-аудитория Геоақпараттық жүйелер дәрісханасы. 54,64 м². 11 компьютер, 1 интерактивті тақтамен жабдықталған, 14 парта, 28 орын, 1 компьютерлік парта, 11 орындық.

№ 313-аудитория Экономикалық және әлеуметтік география дәрісханасы. 54,64 м², 1 компьютермен, 1 интерактивті тақтамен жабдықталған 6 парта 12 орын, 1 оқытушының орны.

№ 314-аудитория г.ғ.к., профессор Б.Ә.Бірмағамбетов атындағы дәрісханасы. 54,64 м². 18 парта, 36 орын, 1 оқытушының орны.

№ 317-аудитория Географияны оқыту әдістемесі дәрісханасы 54,64 м². 1 компьютермен, 1 интерактивті тақтамен жабдықталған, 17 парта, 32 орын, 1 оқытушының орны.

№ 319-аудитория Өлкетану және рекреациялық география дәрісханасы, 54,64 м², 1 интерактивті тақта, 1 компьютермен жабдықталған, 15 парта, 30 орын, 1 оқытушының орны.

№ 320-аудитория Физикалық географиялық дәрісханасы 16,38 м², 1 компьютермен, 1 интерактивті тақтамен жабдықталған, 9 парта 18 орын, 1 оқытушының орны.

Іс-тәжірибе базасы:

1. ҚР ҒЖБМ География және су қауіпсіздігі институты;
2. «Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
Оқу-әдістемелік бағыт			
1	Силлабустарды, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу	Тамыз 2023 ж	География кафедрасының ПОҚ
2	Оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау	Жыл бойы	Е.Тулегенов, Т.Ашимов, К.Н.Мамирова, Н.Н.Карменова, К.А.Тлеубергенова
3	Әдістемелік семинарлар өткізу	Жыл бойы	Н.Н.Карменова
4	Оқу жылында аккредиттелетін негізгі білім беру бағдарламаларын дайындау: түсіндірме жазбаларды және ББ-нің басқа құрылымдық компоненттерін дайындау.	Жыл бойы	Е.Тулегенов
Ғылыми-зерттеу бағыты			
5	Ғылыми зерттеулерге гранттар алуға өтінімдер беру жөніндегі қызметті жандандыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
6	SCOPUS, Web of Science-де индекстелетін жарияланымдарды дайындау бойынша кафедра оқытушыларының қызметін жандандыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
7	Оқытушылар, магистранттар мен докторанттар үшін ғылыми және кәсіби семинар ұйымдастыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ



8	Кафедра оқытушыларының ғылыми жетістіктері мен ғылыми әлеуетінің ақпараттық базасын қалыптастыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
Тәрбиелік бағыт			
9	География кафедрасының магистранттарында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, патриоттық сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
10	Патриоттық тәрбие беру, азаматтық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ магистранттардың әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
11	Сыртқы ұйымдар өткізетін оқудан тыс жұмыстар мен жастар саясатына қатысты конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысу	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
Біліктілікті арттыру			
12	Біліктілікті арттыру семинарлары мен курстарын өткізу	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
13	Барлық ПОҚ біліктілігін арттыру курстарынан өту және ұйымдастыру	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
14	Шелдік және отандық ғалымдармен академиялық тәжірибе алмасу	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
Кәсіптік бағдар жұмысы			
15	Жұмыс берушілерді, түлектер мен студенттерді білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға тарту	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
16	Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілер, түлектер мен студенттердің ұсыныстарын ескере отырып, жаңартылған элективті пәндермен қамтамасыз ету	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
17	Басқа да ЖОО-лардың кәсіптік бағдар беру, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде және түлектерді жұмысқа орналастыру кезіндегі жұмыс берушілермен ынтымақтастық бойынша инновациялық тәжірибесін тұрақты зерделеу	Жыл бойы	География кафедрасының ПОҚ
18	Түлектер қауымдастығының мүшелерін қатысуға тарта отырып, Ашық есік күнін өткізу	Жыл бойы	Халықаралық ынтымақтастық бөлімі, кафедраның ПОҚ